

"Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру бойынша Үкіметке берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы № 1025 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 1591 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 800 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.09.2015 № 800 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру бойынша Үкіметке берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы № 1025 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 40, 123-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 және 4-тармақтар алынып тасталсын;
көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссия туралы ережеде:
5 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«1) тілдерді дамыту мәселелерін қарау және тиісті ұсыныстар мен ұсынымдар ә з і р л е у ; » ;

2) және 3) тармақшалар алынып тасталсын;
17, 18 және 19-тармақтар алынып тасталсын;
көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссияның құрамы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 1531 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 28 қазандағы
№ 1025 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссияның құрамы

Ахметов - Қазақстан Республикасының Премьер-
Серік Нығметұлы Министрі, төраға
Мыңбай - Қазақстан Республикасының Мәдениет және
Дархан Қамзабекұлы ақпарат министрі, төрағаның орынбасары
Байменов - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет
Әлихан Мұхамедияұлы істері агенттігінің төрағасы, төрағаның
орынбасары (келісім бойынша)
Сқақов - Қазақстан Республикасы Мәдениет және
Мақсат Нұрлыбекұлы ақпарат министрлігі Тіл комитетінің
төрағасы, хатшы
Ерғалиев - Қазақстан Республикасы Парламенті
Жабал Ерғалиұлы Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Есім - Қазақстан Республикасы Парламенті
Ғарифолла Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Редкокашин - Қазақстан Республикасы Парламенті
Владимир Николаевич Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Смайыл - Қазақстан Республикасы Парламенті
Алдан Зейноллаұлы Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Тоғжанов - Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының
Ералы Лұқпанұлы орынбасары Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігінің хатшылық
меңгерушісі (келісім бойынша)
Жәмішев - Қазақстан Республикасының Қаржы
Болат Бидахметұлы министрі
Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
Бақытжан Тұрсынұлы министрі

Имашев	- Қазақстан Республикасының Әділет министрі
Берік Мәжитұлы	
Қуанышев	- Қазақстан Республикасы Президентінің
Жапсарбай Ілиясұлы	Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің
	меңгерушісі (келісім бойынша)
Қырықбаев	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Арман Оразбайұлы	және ақпарат вице-министрі
Қапақов	- Қазақстан Республикасы Премьер-
Нұрлан Төлегенұлы	Министрі Кеңсесінің Әлеуметтік-
	экономикалық бөлімі меңгерушісінің
	орынбасары
Әбішев	- Қазақстан Республикасы Бас прокурорының
Хабылсаят Әзімбайұлы	аға көмекшісі - Қазақстан Республикасының
	Парламентіндегі өкілі, заң ғылымдарының
	кандидаты (келісім бойынша)
Қарин	- «Нұр Отан» халықтық-демократиялық
Ерлан Тынымбайұлы	партиясының хатшысы (келісім бойынша)
Әбдірахманов	- «Егемен Қазақстан» республикалық газеті»
Сауытбек Әбдірахманұлы	акционерлік қоғамының президенті
	(келісім бойынша)
Оразалин	- «Қазақстан Жазушылар одағы»
Нұрлан Мірқасымұлы	республикалық қоғамдық бірлестігінің
	төрағасы (келісім бойынша)
Айтбайұлы	- «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының
Өмірзақ	президенті Қазақстан Республикасы
	Ұлттық ғылым академиясының академигі,
	филология ғылымдарының докторы (келісім
	бойынша)
Жолдасбеков	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Мырзатай Жолдасбекұлы	министрлігі «Л.Н. Гумилев атындағы
	Еуразия ұлттық университеті»
	республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
	халықаралық қатынастар факультеті
	түркітану кафедрасының меңгерушісі,
	қоғам қайраткері, филология
	ғылымдарының докторы, профессор
Малбақов	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Мырзаберген Малбақұлы	министрлігі «А. Байтұрсынов атындағы Тіл

білімі институты» республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының директоры

Нәрікбаев - «Қазақ гуманитарлық заң университеті»
Мақсұт Сұлтанұлы акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің
төрағасы, заң ғылымдарының докторы,
профессор (келісім бойынша)

Негимов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Серік министрлігі «Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті»
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
профессоры, филология ғылымдарының докторы

Құрманәлиев - «Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары
Кәрімбек Арыстанбекұлы академиясы» республикалық қоғамдық
бірлестігінің вице-президенті, Қазақстан
Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы,
профессор (келісім бойынша).